

"Қостанай облысы бойынша 2010 жылы жекешелендіруге жататын коммуналдық меншіктегі объектілердің тізбесін бекіту туралы" әкімдіктің 2010 жылғы 12 ақпандағы № 62 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы әкімдігінің 2010 жылғы 15 сәуірдегі № 131 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2010 жылғы 28 сәуірде № 3715 тіркелді. Күші жойылды - Қолданыстағы мерзімінің тоқтатылуымен байланысты Қостанай облысы әкімі аппараты басшысының 2011 жылғы 23 маусымдағы № 08-10/1744 хатымен

Ескерту. Күші жойылды - Қолданыстағы мерзімінің тоқтатылуымен байланысты Қостанай облысы әкімі аппараты басшысының 2011.06.23 № 08-10/1744 хатымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қостанай облысы бойынша 2010 жылы жекешелендіруге жататын коммуналдық меншіктегі объектілердің тізбесін бекіту туралы" Қостанай облысы әкімдігінің 2010 жылы 12 ақпандағы № 62 қаулысына (нормативтік актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3706 тіркелген, 2010 жылғы 12 наурыздағы "Қостанай таңы" газетінде жарияланған) мынадай өзгеріс пен толықтыру е н г і з і л с і н :

жоғарыда көрсетілген қаулының қосымшасында:

"объектінің мекенжайы және баланс ұстаушысы" бағанасының 38-тармағындағы "Федоров селосы" деген сөздер "Целинное селосы" деген сөзмен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

осы қаулының қосымшасына сәйкес коммуналдық меншік объектілерімен т о л ы қ т ы р ы л с ы н .

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі
КЕЛІСІЛДІ

С. Кулагин

"Қостанай облысы әкімдігінің
қаржы басқармасы" ММ бастығы
----- С. Аймұхамбетова

**Қостанай облысы бойынша 2010 жылы жекешелендіруге
жататын коммуналдық меншіктегі объектілердің
тізбесі**

Р/с №	Объектінің атауы	Объектінің мекенжайы және ұстаушысы	баланс	Негіздем	Объектінің ахуалы
1	2	3		4	5
39	Жалпы ауданы 5492,4 шаршы метр нөлдік циклдегі жобалық құжаттарымен 10 қабатты ірі панеліді тұрғын үйдің А,Б,В блок секциясының аяқталмаған құрылысы	Қостанай қаласы, "Наурыз" шағын ауданы № 7 үй "Қостанай қаласы әкімдігінің құрылыс бөлімі" ММ		Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімінің 2010 жылғы 13 сәуірдегі № 1-25/728 хаты	Аяқталмаған құрылыс
40	Жалпы ауданы 77 шаршы метр жапсарлас салынған жай	Қостанай қаласы, Уральская көшесі, "Қостанай қаласы әкімдігінің тұрғын коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" ММ	37	Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімінің 2010 жылғы 14 сәуірдегі № 1-24/733 хаты	Қанағат- танарлық